

**ЖМЖКББМ «БҚИТУ»**  
Ғылыми кеңесінің отырысында  
келісілді  
Хаттама № 1  
«26» 08 2015 ж.



«Бекітемін»  
ректор Р.С. Габдуалиева

2015 ж.

**«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет» Жеке  
Меншік Жоғары Кәсіби Білім Беру Мекемесінің  
Қамқоршылар кеңесінің  
Ережесі**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Қамқоршы Кеңесі Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетін басқарудың бір түрі болып табылады (әрі қарай - БҚИТУ).

1.2. Қамқоршы Кеңес БҚИТУ – ға оқыту, студенттерді тәрбиелеу, оқу үрдісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етуін жақсарту, БҚИТУ қызметін қаржылай қолдау, территориялық басқару органдарымен, ұйымдармен, мекемелермен тиімді қарым-қатынас орнату мен қолдау көрсету үшін, БҚИТУ –ң Ғылым Кеңесінің шешіміне сәйкес және Қамқоршы Кеңесінің ережесіне сәйкес құрылады.

1.3. Университеттің Қамқоршы Кеңесі өз қызмет көрсету аясында Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, Университет Жарғысына және осы Ережеге жүгінеді.

1.4. Жоғарғы оқу орнының Қамқоршы Кеңесі БҚИТУ – ң Ғылыми Кеңесімен бекітілген Ереже негізінде қызмет етеді.

1.5. Қамқоршы Кеңес өз жұмысын ұжымдық және тең құқылы негізде жүргізеді.

1.6. Осы Ереже Университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітілген кезден бастап күшіне енеді.

**2. ҚАМҚОРШЫ КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.**

2.1. Қамқоршы Кеңес жұмысының мақсаты БҚИТУ – ң дамуына байланысты басты міндеттерді шешуге жәрдемдесу мен жоғары білікті мамандарды дайындайтын орталық ретінде қалыптастыруына, қазіргі талапқа сай фундаментальдік және қосалқы деңгейдегі міндеттерді шеше білетін, эксперттік және кеңесші қызметін атқаратын, БҚИТУ–не қаржылай көмекті ұйымдастыру, Университеттің дамуы мен қызметін қамтамасыз ету үшін бюджеттен тыс қаражатты тартуға жәрдемдесу.

2.2. БҚИТУ-ң Қамқоршы Кеңесі:

2.2.1. Университеттің ғылым, білім, инновациялық-өндірістік, мәдени –

интеллектуалды орталық ретінде қалыптасуы мен кешенді дамуына, Университеттің стратегиясы мен даму бағдарламасының қалыптасуына және оның жүзеге асуына ықпал етеді ;

2.2.2. БҚИТУ-ң халықаралық, ғылым, техникалық, мәдени қарым-қатынасының қалыптасуы мен дамуына жәрдемдеседі, бірлесіп қызмет етуді ұйымдастыру мақсатында отандық, шетелдік мамандарды тартады;

2.2.3. Университеттің оқу, ғылым және әлеуметтік-тұрмыстық белгілеу бойынша объектілерді салуға, оқу үрдісіне қажетті құрлығыларды, материалдарды, есептеуіш құрлығылар мен ұйымдастырушылық техниканы сатып алуға және ғылыми зерттеулерді өткізуге жәрдемдеседі.;

2.2.4. Мамандарды дайындау сапасына ықпал ететін перспективті бағдарламаларды қаржыландыруға және жүзеге асыруға көмектеседі;

2.2.5. Университетке жаңа оқу жылына қабылдау бойынша жастардың арасында кәсіптік бағдар бойынша насихат жүргізуге белсенді ат салысады, сонымен қатар бітірушілерді жұмысқа орналастыру мен бөлуге көмектеседі;

2.2.6. Ақпараттық, қоғамдық, көрмелік қызметін жүзеге асыру бойынша жәрдемдеседі;

2.2.7. Студенттерге, магистранттарға, тыңдаушыларға, қызметкерлер мен ПОҚ қоса алғанда, әлеуметтік қорғау мен қолдау көрсетеді;

2.2.8. Жас мамандардың кәсіби дамуына көмек көрсетеді және жаңа бастауларын қолдайды;

2.2.9. Қамқоршы Кеңестің құзыретіне жататын басқа да сұрақтарды қарастырады.

### **3. ҚАМҚОРШЫ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ.**

3.1. Қамқоршы Кеңес құрамына, республикалық, облыстық, жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік, қаржылық және ғылыми шеңбердің өкілдері, БАҚ, қоғамдық бірлестіктер мен ассоциациялардың, кәсіподақтардың, ұйымдар мен мекемелердің, соның ішінде жеке меншік формасына қарамастан, шетелдік БҚИТУ өкілдері кіреді.

3.2. Қамқоршы Кеңес өкілдерінің саны ерікті және Университеттің қамқоршылар санына байланысты.

3.3. Қамқоршы Кеңесінің мүшелері өз қызметтерін өзінің негізгі қызметінен босамай қоғамдық негізде жүзеге асырады.;

3.4. Қамқоршы Кеңес мүшелері тең құқылы және жариялы негізде қызмет атқарады.

3.5. Қамқоршы кеңес құрамы ең алғаш Университеттің ғылыми кеңесімен бекітіледі. Қамқоршы кеңестің алғашқы құрамы бекітілгеннен кейін оның басқа мүшелері Кеңестің құрамына Қамқоршы Кеңестің шешімімен енгізіледі.

3.6. Қамқоршы Кеңесті төрайым басшылық етеді, ол кеңес отырысында ашық дауыс беру арқылы және Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіліп, 5 жылға сайланады.

3.7. БҚИТУ Қамқоршы кеңеске ұйымдастырушылық – техникалық қызмет етуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар оның жұмысы үшін бөлме береді, іс құжаттарын жүргізу үшін бір қызметкерді жауапты етіп сайлайды.

3.8. Қамқоршы кеңеске мүшелік ету төмендегі жағдайларға байланысты тоқталады:

1) Университет ректоры мен Қамқоршы кеңестің төрайымына мүшеліктен шығу туралы жазбаша өтінішті жолдаса. Қамқоршы кеңестің мүшесі Қамқоршы кеңес құрамынан көрсетілген тұлғаларға өтінішті жолдағаннан кейін 30 күннен соң шықты деп саналады;

2) Қамқоршы кеңестің шешімі бойынша мүшелік ету тоқтатылады.

#### **4. ҚАМҚОРШЫ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ЕТУ ТӘРТІБІ.**

4.1. Қамқоршы кеңес Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша құрылады. Қызмет ету тәртібі БҚИТУ – ң Ғылыми кеңесімен бекітілген, осы ережемен реттеледі.

4.2. Қамқоршы кеңестің жоғарғы басқару органы Жалпы жиналыс болып табылады. Жалпы жиналыс қызмет ету аясындағы барлық сұрақтар бойынша шешім қабылдауға құқылы. Жалпы жиналыс жылына бір реттен кем емес өткізіледі.

4.3. Қамқоршы кеңестің жұмысын өз мүшелерінен таңдалатын Төрайым (қосарлас төрайым) ұйымдастырады.

4.4. Қамқоршы кеңестің отырысы шешім қабылдауға құқылы, егер онда Қамқоршы кеңес мүшелерінің жартысынан көбі қатысса. Қамқоршы кеңестің мүшелері отырыстарға өздері қатысуға тиісті, егер ондай мүмкіндік болмаса, Қамқоршы кеңестің шешімімен анықталған түрмен немесе жазбаша түрде қарастырылған сұрақтар бойынша өз көзрасын жеткізуге құқылы. Бұл көзқарас Қамқоршы кеңестің отырысында жария етіліп, шешім қабылдау кезінде есепке алынуы тиіс (сырттай дауыс беру).

4.5. Қамқоршы кеңес шешім қабылдады деп есептеледі, егер отырысқа қатысқан кеңестің мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе. Егер сұрақтар Қамқоршы кеңестің ережелерін өзгертуге байланысты болса, қатысушы мүшелердің 2/3 бөлігінің қолдауын қажет етеді. Егер дауыстар тең болса, төрайымның даусы шешуші болып табылады.

4.6. Қамқоршы кеңестің отырысын төрайым, егер ол болмаса (қосарлас төрайым) немесе Қамқоршы кеңес шешімі бойынша мүшелердің біреуі жүргізеді.

4.7. Қамқоршы кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама кеңестің мүшелеріне отырысқа дейін жеті күн бұрын электрондық пошта, факс немесе Қамқоршы кеңестің шешімімен анықталған әдіспен хабарланады.

4.8. Қамқоршы кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделеді, төрайыммен және отырыс хаттамасын жүргізуші хатшымен қол қойылады.

4.9. Қамқоршы кеңестің ликвидациясы Ғылым кеңесінің бастамасымен немесе Қамқоршы кеңестің шешіміне сәйкес жүзеге асуы мүмкін.

## **5. КЕҢЕСТІҢ МҮЛКІ МЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫ**

5.1. Қамқоршы кеңестің мүлкі мен құрал-жабдықтары кіруші немесе қайырымдылық салулардан, сонымен қатар жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған мақсатты салымдардан құралады.

5.2. Материалдық-техникалық база мен мақсатты бағдарламалар, басқа да міндеттерді орындауға арналған қаражаттар университеттің есеп шотына аударылады;

5.3. Қамқоршы кеңестің қаражаттары оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жұмсалады (сметаға сйкес);

5.4. Қамқоршы кеңестің жұмысымен байланысты шығындар Қамқоршы кеңестің отырыстарында жыл сайынғы шығындар сметасында бекітіледі;

5.5. БҚИТУ кеңестің мүшелерін ақшалай қаражатты жұмсағандары туралы ақпараттандырады, оқу жылының соңында есеп береді.